

Аңдатпа

Бұл дипломдық жұмыс «Электр көлігінің тартқыш қозғалтқыштарының ақаулықтарын диагностикалау» тақырыбына орындалған. Негізгі бөлімде тартқыш электр қозғалтқыштарының конструкциясы, жұмыс шарттары, ақаулардың негізгі себептері, бақылау жүргізу құралдары, күрделі жөндеуден бұрын және кейін диагностиканың түрлі схемалары мен әдістері сипатталған.

Тартқыш қозғалтқыштардың техникалық сипаттамалары мен конструкциялары сипатталған.

ДК-261А қозғалтқышының номиналды режим кезіндегі коммутация класын және ТЛ2К1 қозғалтқышының механикалық сипаттамаларын анықтау үшін электромагниттік есептеу жүргізілді.

Тартқыш электр қозғалтқыштарын диагностикалау әдістері және ақауларды жою әдістері қарастырылды. Қозғалтқышты жөндеу алгоритмі келтірілді.

Тіршілік қауіпсіздігі бөлімінде электр станциясын жасанды және табиғи жарықтандыру есептелді.

Экономикалық бөлімде диагностикалық желіні енгізудің экономикалық тиімділігі, сонымен қатар тартқыш электрқозғалтқыштарды диагностикалау шығындары есептелді.